

Біржан сал ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Біржан сал ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 29 мамырдағы № а-6/196 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 15 маусымда № 6671 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 5 маусымдағы № а-6/130 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы әкімдігінің 05.06.2019 № а-6/130 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Біржан сал ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Біржан сал ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақоларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Т.Сабыровқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Казақстан Республикасының
ішкі істер министрлігі
Ақмола облысы ішкі істер
департаменті Еңбекшілдер
аудандық ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы*

E.Нұғыманов

Б.Даукенов

"29" 05 2018 жыл

**Біржан сал ауданы әкімдігінің
2018 жылғы "29" 05**

Біржан сал ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1-тaraу. Көтермелебудің түрлері

1. Біржан сал ауданы әкімінің алғыс хаты.
2. Ақшалай сыйақы.

2-тaraу. Көтермелебудің тәртібі

3. Осы тәртіп Біржан сал ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебуді ұйымдастырудың мәселелерін реттейді.

4. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебу мәселелерін Біржан сал ауданы әкімдігінің қаулысымен құрылған комиссия (әрі қарай – комиссия) қарайды.

5. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Ішкі істер департаменті Еңбекшілдер ауданының ішкі істер бөлімі" (бұдан әрі – ПБ) мемлекеттік мекемесімен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелебу туралы ұсыныс комиссияның қарауына енгізіледі.

6. Комиссиямен қабылданған хаттамалық шешім көтермелебу үшін негіз болып табылады.

7. Ақшалай сыйақыны төлеуді ПБ облыстық бюджет есебінен жүргізіледі.

8. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін ПБ бастығының комиссия қабылдаған шешіміне сәйкес қосымша бүйреки шығарылады.

9. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға ақшалай сыйақыны беру, Біржан сал ауданы әкімінің алғыс хатын табыстау ПБ салтанатты жиынында жүзеге асырылады.

3-тaraу. Ақшалай сыйақының мөлшері

10. Ақшалай сыйақы мөлшерін қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін, сонымен қатар онымен немесе оның қатысуымен құқыққа қарсы әрекет нәтижесінде келтірілуі мүмкін залалдың алдын алған көлемін есепке ала отырып, ақшалай сыйақының мөлшері комиссиямен белгіленеді және 20 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК